

Тақырып 1.

**Сыртқы экономикалық фактор
ролінің артуы – әлемдік
экономика дамуының басты**



- **Дәріс жоспары (2сағат)**

1 сабақ

- **1.Сыртқыэкономикалық іс-әрекет (СЭІ)
және оның негізгі формалары**
- **2.Қазіргі жағдайдағы СЭІ мемлекеттік
басқарудың модельдері**

- Сыртқы экономикалық қызмет ұғымы 80-жылдарда кеңінен пайда бола бастаған.



Сыртқы экономикалық әрекеттің негізгі бағыттары:



Сыртқы экономикалық байланыс – бұл ғылыми-техникалық, өндірістік, сауда және валюта-қаржы ынтымақтастығы саласындағы үкіметаралық келісімдерді жүзеге асыру нысаны болып табылады.

СЭІ-ті басқару мақсаты – СЭІ даму мүмкіндіктерін максимизациялап, оны жүзеге асырумен байланысты қауіптерді жою болып табылады. Мұндағы басты басымдылық – ұлттық шаруашылық кешеннің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.



Сыртқы экономикалық байланыстардың негізгі формалары мыналар

1. Сыртқы сауда байланыстары.
2. Бірлескен кәсіпорындарды құру.
3. Қызмет көрсету.
4. Ғылыми-техникалық және экономикалық қызметтестік.



СЭҚ-тің мынадай түрлерінмен ерекшелінеді:

- -сыртқы сауда қызметі;
- -өндірістік кооперация;
- -халықаралық инвестициялық
ынтымақтастық;
- -валюталық және қаржы-несиелік
операциялар.

- **СЭЖ-тің объектісіне мыналар жатады:**
- -халықаралық саудадағы тауарлар мен қызмет көрсетулер;
- -әр түрлі фирмалардағы капиталдардың халықаралық қозғалысы;
- -өндірістік, кәсіпкерлік, ғылыми-техникалық тағы басқа байланыстар;
- -интеллектуалдық меншікті айырбастау;
- -қаржы-несиелік ресурстарды халықаралық деңгейде пайдалану.


- **СЭҚ басқарудың келесідей мақсаттарын атауға болады:**

- 1. СЭҚ басқару, ұйымдастырудың теориялық негіздерін, принциптерін, ерекшеліктерін көрсету;
- 2. СЭҚ басқару, ұйымдастырудың маңызды механизмдерін және әдіс амалдарын меңгеру;
- 3. СЭҚ нақты түрлерін ұғыну, мемлекеттік реттеудің халықаралық тәжірибесімен, халықаралық саудадағы реттеу принциптері және құралдарымен танысу;

- 4. дамыған елдердің экспорттық қызметінің тәжірибесімен танысу;
- 5. халықаралық коммерциялық мәмілелерді дайындау принциптерін ұғыну, әдістерін меңгеру;
- 6. сыртқы саудалық сатып алу сату контрактыларын дайындау принциптерін ұғыну.

- СЭІ дамытудың экономикалық, географиялық және тарихи жағдайларын бөлу нәтижесінде шет елдерде оны басқарудың келесідей негізгі модельдері қалыптасты.

- - «Экспансионисттік», ол әлемдік шаруашылық байланыстар құрылымында басымды орынға ие болуға бағдарланған.



- - «Тұрақтандыру» моделі, ол тарихи қалыптасқан аймақтық мемлекетаралық нарықты және оған кіретін мемлекеттердің бәсекелік бағдарларын сақтауға бағытталған.



- - «Құрылымдық» модель, ол ұлттық шаруашылық кешенді қайта құрылымдау және дамыту процестерін жеделдету үшін әлемдік шаруашылық жүйе потенциалын пайдалануға бағытталған.



- - «Фискалды» модель, ол СЭІ-ті жүзеге асырудан мемлекеттің алатын ағымдық кірісін максимизациялауға бағытталған.



- - «Құралдық» модель, ол сыртқы экономикалық кешенді реттелетін экономика шеңберінде әлемдік шаруашылық жүйенің потенциалын пайдалану мақсатында ұлттық шаруашылық жүйеден шығарумен байланысты.

